

### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Мұтанов Ғ. Әл-Фараби және қазіргі заман. - Алматы, 2014. - 233 б
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.-Алматы, 1972.
- 3 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1989.
- 4 Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. -Алматы: Ғылым, 1994. - 336б.
- 5 <https://bilimdinews.kz> сайты

### КИЕЛІ, ҚАСИЕТТІ- БАЯНАУЫЛ

Капкеш Н.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
kapkeshovaa@mail.ru

Қазақ халқының болашағын болжаған, дала данасы Асан Қайғы бабамыз Баян тауын көргенде "Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады" деген екен.

Қазақстан тарихында барша Алаштың мақтанышына айналған, алтын арқаның құтты мекені атанып жүрген – Баянауылдың алар орны ерекше. Бүгін де өзінің қасиет дарыған киелілігімен талайды таңдай қақтырған, батырлар, аңыздар мен киелі әулие- әмбиелер мен дарындар өлкесінде ірі ру- тайпалық қауымдастықтардың (қаржас, айдабол, сүйіндік, күлік, орманшы т.б.), сан алуан халықтардың тарихи тағдырлары түйіскен мекенге айналғандығы белгілі.

Жердің жаннаты атанған қасиетті өлкеміз Алаштың талай жыр – шежіресіне арқау болған. Қай заманда болмасын, Баянауыл- қол бастаған батырларымен, сөз бастаған шешендерімен, қасиет қонған әулиелерімен, суырып-салма ақын-жырауларымен даңқты болғандығы баршамызға аян. Ал суының беті көпіршіктеніп жататын Сабынды көлге аңыз бойынша Баян сұлу сабынын түсіріп алған деседі.

Еліктірер табиғатымен талайды тамсандырған Баянауылда- көпшіліктің тілегін қабыл етуші, киесі мен иесі қатар жүретін Қоңырәулие үңгірі бар.

Қоңырәулие үңгірі өте көне дәуірден адамзат баласының Жаратқаннан тілек тілейтін орны болып табылады. Бұл жер мұқтаж жандарға арналған екен, яғни келуші адамдар құрбандық шалып, өз құлшылық амал- әрекеттерін жасайды. Қоңырәулие туралы атақты академик Әлкей Хақанұлы, әлемге әйгілі антрополог Михаил Герасимов, тұңғыш археолог Кемел Ақышев Қоңырәулие адам емес деген пікір білдіреді.

Қай атаң Еуропада, қай атаң Азияда жүруші еді, бұл пайғамбар- дейді. Яғни 124 мың пайғамбардың ішінде біреуі түркі нәсілінен болған. Орыстар “пророк Илья” дейді, қазақтар “Ілияс пайғамбар” дейді. Он сегіз мың ғаламның иесі Алла тағала Ілияс пайғамбарға қиямет-қайымға дейін ғұмыр беріпті. Сіз бен бізге батасы тиіп, тілеуімізді Аллаға жеткізсін деген. Ол кім көрінгеннің үйінде түнемейді, осындай үңгірлерде тұрады екен. Оны көріпкел, бақсылар, шырақшылар, ғұлама- ғалымдар, қарына ұзақ уақыт құрық ілген жылқышылар ғана көреді екен. Бір ұзын бойлы, қоңыр адамның кешкісін үңгірге кіріп, таңертең аяғы жерге тимей шығып бара жатқанын көреді екен. Содан Қоңыр деп атайды. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар: “Дін жетпіс ағымға бөлінсе де, ең тазасы Түркі мүминдеріне қалады” деп. “Неге?” дегенде, “ Оларды желеп- жебейтін Қызыр Ілияс тірі” деп айтқан. Жалпы Қоңырәулиеге қатысты он шақты аңыздың нұсқасы бар. Қоңырәулиенің атауымен әлемде сегіз жерде үңгір бар екен. Оның бесеуі Тұран даласында, бірі Баянауылда, екіншісі Абай мен Шәкәрім аталарымыз туған Семей даласында, одан кейін оңтүстік Қазығұрт тауында, Бадам сарқырамасы маңатында, Батыста, Жайықта бар. Қалған үшеуі Еуропада. [1,6-8 б.].

Құтты мекеннің бар кереметі жасыл желекке оранған тау бөктерінде, тұңғиығы аңызға толы – Жасыбай көлінде. Ертеден қазақтың қонысы болған құтты мекеннің айшықты орындарының бірі – Жасыбай көлі. Көлге кеудеңе дейінгі тереңдікке түсіп төменге қарасаң, мөлдір судың түбіндегі тастар айқын көрініп жатады.

Ер Жасыбай туралы жыр-дастандармен бірге аңыз әңгімелер де көптеп табылады.

Өмірұлы Жасыбай (ХҮІІІ ғ.) – жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың әйгілі батыры. Шыққан тегі – Орта жүздің Арғын тайпасының Бәсентиін руынан. Әкесі Өмір от ауызды, орақ тілді шешен адам болыпты. Анасы – қазақтың атақты батыры Олжабайдың апасы. Шежіре деректерінде батырды «Олжабайдың жиені» дейтіні де содан. Жасыбай екі ағайынды болған, інісі Байсары да жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен белгілі батырлардың бірі көрінеді. Жасыбай жөнінде Н.Я. Коншиннің жазбаларында, халық шежірелерінде, аңыз-әңгімелерде, батырдың өзіне арналып шығарылған «Ер Жасыбай» жыр-дастанында біраз мағлұмат берілген. Соларға қарағанда, ол Олжабайдың жиені ғана емес, жауға бірге шапқан серігі, жақын досы болған. Жастайынан жауырыншылығымен, құралайды көзге атқан мергендігімен аты шыққан. Баянауыл өңірін қалмақтардан тазартуда үлкен ерлік көрсеткен. «Ол-жауға бірнеше дүркін соққы берген әйгілі батыр. Бірде қазақтардың қолбасшысы Олжабай батыр Жасыбай батырға жауынгерлерімен келе жатқан қалмақ қолының алдынан шығып, олардың жолын бөгеп, бері жібермеуді тапсырады. Мыңға толмайтын жасақты бастаған Жасыбай батыр жаумен асқан ерлікпен соғысады. Бірақ аңдаусызда сауытының желке тұсындағы ашық жерінен қалмақтың оғы тиіп, содан өледі. Қазақ қолы қалмақтарға төтеп бере алмай ығысы бастайды. Сол кезде қырғын болған таудың шатқалына Олжабай бастаған әскер кіреді. Жеңілген қалмақтардың ұлардай шулап, жалбарынған дауыстарынан тау іші күңіренеді. Сонда Олжабай батыр: «Сендердің бәріңді қосқанда, өлген Жасыбай батырдың шынтағына тұрмайсындар» деп, жауынгерлеріне «жауды аяған жаралы» екенін ескертеді. Қалмақтардың бұл жолы қырылғаны сонша, өліктері жолдың ұзына бойына шашылып қалады» (Н.Я.Коншин). Бұл деректердің дұрыстығына «Олжабай батыр» жырындағы: «Келген жолмен шұбырап, Есепсіз жолда қырылып, Баян тауын жанапты. Қайқайып садақ тартқанда, Қалмақтың тиіп сұм оғы, Жасыбай қалды жығылып» деген жолдар да, соғыс болған жердің бұл күнде «Қалмақ қырылған» аталуы да дәлелдей түседі. Туған елін, өскен жерін ата жаудан азат ету жорығында сан ерлігімен көзге түсіп, осы игі мақсат жолында қаза тапқан ерінің есімін ардақтаған халқы кейін Баян тауының ол қорғаған асуына «Жасыбай асуы», көліне – «Жасыбай көлі» деген ат береді. Ол жерлер қазір де солай аталады [2, 144-145 б.].

Ел аузындағы аңыздың тағы бір нұсқасына сүйенсек, Жасыбай батырға азғана қолмен мыңдаған қалмақ қолын Баянтаудан аспауын тапсырған екен. Жасыбай ержүректілік танытып, қалмақтарға аз ғана қолмен тойтарыс беріп, жерін аман алып қалған. Бірде Жасыбай сауытын шешіп, демалуға отыра бергенде қалмақтың Құба мергені жартаста тығылып тұрып, садағымен Жасыбай батырды атып мерт қылған. Аңғал батыр Жасыбай құлап түсіп, басын көтеріп серіктестеріне өсиет айтады: «Ердің құнын Олжабай жоқтасын, басыма Малайсары белгі орнатсын, артымда қалған жетімдерге Бөгенбай көз салсын». Сөйтеді де, ерен батыр көз жұмады... [3, 6-7б.]

Баршамызға аян, ол бүгінде Баянауыл елдімекені – курортты аймақ екендігі, сонымен қатар ол 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болды. Саябақ табиғаты өте ерекше жаралған табиғатымен көркем. Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырым. Ең биік нүктесі – Ақбет тауы, ол 1026 м биіктікте. Таулы-орманды оазис 450 шаршы шақырымды алып жатыр, оның негізгі ерекшелігі – жартастар (Кемпіртас, көгершін, Булка (Найзатас), аттың басы, тас жастықтар және т.б.), Сабындыкөл (ауданы 7,4 шаршы шақырым) және Жасыбай (ауданы 4 шаршы шақырым) көлдері, үңгірлер (Әулиетас 22 м) және Драверта үңгірі (тастағы жазулар), Құмыра (сарқырамасы бар 3 м), тас шатқалдары және т.б. көрікті жерлердің болуы.

Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдері жыл сайын мыңдаған туристерді қарсы алады, бұл үшін көл жағалауларында демалыс үйлері мен пансионаттар көптеп орналасқан.

Баянауыл көз тартарлық әсем табиғатымен, аңызға толы тарихымен ғана емес, батырларымен, ақын- жырауларымен, даналар мен дарындыларымен де әйгілі. Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарды тудырған- қасиетті де киелі мекен. Баянауыл жері көптеген ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың және қоғам қайраткерлерің Отаны. Бұл даңқты Бұқар жыраудың, Шоң бидің, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы және жиырмамыншы ғасырдың басындағы композитор Жаяу Мұса Байжановтың, алғашқы қазақтан шыққан тарихшы, ағартушылардың бірі-Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының және қазақ әдебиетінің классигі, ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, тағы басқа зиялылардың Отаны болып табылады.

Баянауылдан 30-дан аса ғылым докторы және 200 ғылым кандидаттары шыққандығы белгілі. Олардың қатарында, халқымыздың мақтанышы, геолог, ҚазКСР ғылым Академиясының тұңғыш президенті, мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны ерекше.

Қазақстан ғылымының дамуына үлес қосқан академиктер – Ш.Шокин, А.Х.Марғұлан, ғылым докторлары –Әбікен Бектұров, Ермұхан Бекмаханұлы, С.Бейсенбаевтар, т.б.. Баянауылдық ақын-жазушылар Ж.Аймауытов, Д.Әбілев, З.Шашкин, З.Ақышев, Қ.Исабай, халық артистері Ш.Айманов, К.Кенжетаев, алғашқы қазақтың режиссері Ж.Шанин, т.б. кеңінен әлемге танымал.

Ұлы тұлғалардың есімдері еліміздің әдебиетінде, дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алса, олардың есімдері тарихымызда алтын әріппен жазылған және ұлы даланың ұлағатты перзенттері ретінде әлем өркениетінде танымал екендігі сөзсіз:

-Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған.

-Едіге би Төлебайұлы (XVII ғасырдың ортасы - XVIII ғасырдың басы) - атақты би-шешен, Тәукехан ордасындағы билер кеңесінің беделді мүшесі, қазақ халқының сыртқы жауларға тойтарыс беру ісінде зор еңбек сіңірген мемлекет қайраткері.

-Өмірұлы Жасыбай батыр (1716-1741) - жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың әйгілі батыры.

-Торайғыр би Едігеұлы (1772 – 1825) – қазақтың атақты би-шешені.

Шоң би Едігеұлы - туғанынан дара жаратылған, бойына құт дарыған, қазақтың атақты биі, аға сұлтан.

-Шорман Күшікұлы (1799, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы – 1837, ) – төбе би, аға сұлтан, мемлекет қайраткері.

-Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856) - Орта жүздің белгілі биі

-Бұқар жырау Қалқаманұлы(1668-1781) XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, арқалы жырау, қабырғалы би, мемлекет қайраткері.

-Жаяу-Мұса Байжанұлы (1835-1929)- ақын сазгер, әнші.

-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858- 1931) XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, шежіреші, философ.

-Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931)— қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

-Жұмат Шанин (1892-1939)- қазақтың тұңғыш театр өнерін ұйымдастырушы, режиссер.

-Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)- ақын, жазушы.

-Көшмұхамбет Кемеңгеров (1894-1937)- әдебиет зерттеуші, жазушы, аудармашы.

-Диқан Әбілев (1907)- майдангер ақын, жазушы.

- Зейтін Ақышев (1911-1991)- жазушы, ақын, драматург.
- Зейін Шашкин (1912-1966)- жазушы, драматург.
- Қалмұқан Исабаев (1925)- жазушы
- Шәкен Айманов (1914-1970)- кинорежисер, актер.
- Кәукен Кенжетәев (1916)- әнші, режисер, актер.
- Садық Кәрімбаев (1918-1975)- композитор
- Қуат Әбусейітов (1925)- кинорежисер
- Суат Әбусейітов (1929-1992)-кионактер, әнші. [5, 196-199 б]

Еліміздің қасиетті өңірлері- ұрпақтарымыз мақтан ететін сан алуан тарихы тереңде жатқан қазақ өлкесі ұрпақтан- ұрпаққа жететін мақтаныш екендігі сөзсіз. Біз, тиімді деректер мен әдебиеттерге сүйене отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мақсатында Баянауылдың қадір-қасиетіне тоқталдық.

Олай болса, тамыры тереңде жатқан Мәңгілік Ел боламыз десек, тарихи тұлғаларымызға байланысты, сонымен қатар, қасиетті өңірлеріміз, олар жайындағы деректер мен ізденістер әлі де болса тыңғылықты зерттеулерді қажет ететіндігі сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Құрманов А. Қоңырәулиенің қасиетін толық танып болған жоқпыз. // Сарыарқа самалы; №112(15730).- 30 қыркүйек 2021 жыл. -12 б.
- 2Сейдімбеков А. Елтұтқа.- Астана:Күл Тегін, 2001.-356 б.
- 3 Әбен Қ. Жасыбай батыр. //Сарыарқа самалы; №141(13886).- 13 желтоқсан 2005 жыл. -16 б.
- 4 Әйткенов Е. Арқаның асыл моншағы- Баянауыл. - Павлодар: Профи, 2013.-200 б.

#### **МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ «ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ» ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҰҒЫМДАРЫ АЯСЫНДА**

Бөпежан Р.С.

Ғылыми жетекшісі; тарих магистрі, аға оқытушы Байшов Б.Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
dil\_123@mail.ru

Жалпы өркениет тұрғысында осы кезеңге дейін көптеген ойшылдардың тарихи ойлар білдіргендігі белгілі. Алайда соған қарамастан өркениет пен өркениеттерді анықтау, оның талаптары тұрғысындағы пікірталастар мен ғылыми көзқарастар әлі де таласты мәселелер қатарынан көрінуде. Алайда қазіргі кездегі «өркениет» ұғымы мен 100 жыл бұрынғы «өркениет» ұғымдары аясының өзгергендігі туралы батыл айтуға болады. Мысалы, 1918 жылы жарық көрген О.Шпенглердің «Еуропаның күйреуі» атты еңбегінде «Өркениет – мәдениеттердің шарықтау шегіне жетіп, күні еңкейген, зауал шағына тұспа-тұс келеді» деп баға берілсе [1, 151-б.], қазіргі уақытта «өркениет О.Шпенглер айтқандай, мәдениеттердің «қабірі» емес, қайта, барша мәдениеттің жетсем деп талпынатын өз орнымды тапсам деп қарманатын аңсарлы алаңы» деген сықылды көзқарастар қанат жаюда [2, 18-б.]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ежелгі дәуірден бастау алатын, орталығы қазақ жерінде орналасқан, қазіргі уақытта тарих ғылымында «Дала өркениеті» деген атауға ие болып отырған мәдениетті зерттеу, оны дамыту алдағы күнде де жалғаса беруі заңдылық. Себебі бұл өркениетті жасаған тегі түркі халықтары, оны географиялық орналасқан аумағында тәуелсіз «Қазақ елі» өзіміздің отандық идеологиямызды, сол арқылы тарихымызды жасауда.